

III. Жалмаханов М. Тынышпаевтың лингвистикалық...

Шапағат ЖАЛМАХАНОВ

М. ТЫНЫШПАЕВТЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҮЖЫРЫМДАРЫ

Статья посвящена рассмотрению некоторых вопросов этимологии и истории значения слов, словосочетаний, фразеологизмов и исторических поговорок инженера-железнодорожника, историка М. Тынышпава. Анализируются преимущественно ономастические единицы, используемые в трудах М. Тынышпава, в числе которых: этнонимы, топонимы, антропонимы и гидронимы, связанные не только с историей казаского, но и, в целом, тюркских народов. Анализ осуществляется с учетом таких критерииов этимологии, как: фонетический, лексико-семантический и грамматический.

В результате исследования автор постулирует, что процесс выявления этимологии и истории происхождения значений слов (семантическая деривация) во многом детерминирован историческими фактами влияния одних народов на другие в результате близкого расположения территорий их проживания.

Yazar tarihçi, mühendis M. Tıňşbayev'in dilbilgisi, özellikle etimoloji, kelimenin tarihi anlatır, kelime yapısı ve tarihî deyimler hakkındaki düşünceleri üzerinde durmuştur. Ayrıca kelimenin tarihi anlatıları bir halkın ikinci bir halka tesiri ile doğrudan ilişkili olduğunu savunmuştur.

Қазақ халқының қайраткері, тарихы, мәдениеті, тұрмыс-салты, әдет-түрлі және рулар шежіресінің ірі білгірі Мұхамеджан Тынышпаевтың көне дәүірден өз заманына дейінгі қазаққа арналған зерттеу еңбектерінде жер-су, ру аттары, кісі есімдері және тарихи тұрақты сөз тіркестері мен мәтелдердің шығу төркіні мен тарихына тарихи тұрғыда талдаулар жасап, олардың мән-мағынасын, мазмұнын түбекейлі түсіндіріп, зерделеп зерттейді. Оған автордың 1998 жылы орыс тілінде жарық көрген «История казахского народа» атты жинағын [1] оқып отырып көз жеткізуге болады. М. Тынышпаевтың қазақ сөздерінің төркіні мен тарихы жинақтағы «А.П. Чулошниковтың қазақ халқының тарихы туралы еңбегіне шікір» (1924 ж.), «Қазақ халқының тарихынан мәліметтер» (1925 ж.), «XVII–XVIII ғасырлардағы қазақтар («Қазақ халқының тарихынан мәліметтерге» толықтаруладар)» (1926 ж.), «Ташкент уезіндегі жергілікті тұрғындардың тайпалық құрамы және тарихи анықтама (Түркістандағы ұлттық араласуға мәліметтерден)» (1924 ж.), «Ақтабан шұбырынды (Қазақтардың қатерлі қасіреттерді мен ұлы жеңістері)» (1927 ж.), «Сырдария және Жетісу губернияларындағы көне қалалардың, қорғандардың орындары», «Көксу қирандылары және Қайлақ (Қойлық) қаласы», «Қазақ ханы Тәүке және оның батыры Алдияр туралы аңыздар» атты еңбектерде сарапаныш сөз болады. Бұл еңбектер кезінде Ташкент, Қызылорда қалаларында жеке кітапша болыш,

немесе жинақтарда жарияланған, кейбір мақалалары қолжазба күйінде сақталған.

А.П. Чулошниковтың қазақ халқының тарихы туралы еңбегіне арналған сын шілдесіндегі сөздердің және сөз тіркестерінің мағыналарын, тарихи деректердің бұрмаланғандығын саралап береді. А.П. Чулошников X бетте қазақтар қырғыздарды «қара» деген жағымсыз мәндегі сөзді қосып «қара қырғыз» деп атайды деген негізсіз шілдесіндегі «Қырғызды қазақ, өзбек және т.б. көршілері оларды еш үстеме сөзсіз «қырғыз» деп атайды, оларды «қара қырғыз» деп орыстар атайды» деп жоңге салады. Осы автордың «қырғыз бен қарақырғыз бір халық» деп альш, келесі бетте «қырғыз бен қаңлы, қышшақтардың бірігінен қарақырғыз құралған» деген қисын баяны еш сын көтермейтін ой екендігін, «қырғыз-қазақтар XV ғасырдан бері пайда болған» деген тұжырымын тарихи сорақылық деп бағалайды. «Дулаттарға балайтындағы «шү» деген жеке тайпа болмаған. Қытай тарихындағы (Аристов бойынша) «чубан» (қазір үйсіннің «суан», «чуе» деген тармақтары бар), «чумынъ» («шөмен» және «шөмекей» дегендегер бір рудың ғана атаулары) тайпаларының шу тайпалары болып аталуы олардың Шу өзені бойында тұрғандығымен ғана байланысты» деген түсіндірмелер береді. А.П. Чулошниковтың «тукиу» деген түркі тайпасы жайлы баяндағаны қытайларда «р» әрпінің (дыбысының - III.III.) жоқ екендігін білмегендіктен, бұл «түркі» сөзінің қытайша айтылуы екендігін білмегендігі деп таниды. «Хан» деген Шығыс ұршақтарының ғана аталғанын, ал басқа әuletten шыққаңдар не «әмір», не «би» аталғанын да ескертеді. «Автор кейде өзін қазақ тілін білетін адам ретінде көрсеткісі келетіні бар. Мысалы, Көл Мәлік, дұрысы Мәлік көлдегі ұрыс жайлы баяндаиды. Қазақта, өзбекте еш уақытта «Көл Мәлік» деген айтшайды, бұл – автордың Мәлік көлін орыспашадан аударған түрі. Жеме жемге келгенде, бұл Мәлік көлі емес, Мәлік шөлі, картада да осылай белгіленген». «Автордың сары үйсіннің «қырқ» тармағы «қырғыз» деген сөзден шыққан деген сөздің сонын кесіп тастауы - түркі тілдері сөзжасамының барлық ережесіне қарама-қайшы. «Алаш» сөзін де кескілец, содан «Алаша», «Алшын» сөздері жасалды деу де дұрыс емес. Сонымен бірге «Алықсыннан» «алчын» жасалған деу де өтірік. «Алықчын» руы Эулиеата уезінің (Талас өзенінің жогарғы ағысы) қырғыздарының арасында әлі де бар. Мұндай ешнәрсемен негізделмеген үқсатулар мен түсініктемелер авторда жиі кездеседі. Мысалы, автор 204-бетте қазақтың «таңба» сөзі орыстың «тамга» сөзінен шыққан деген болжаганмен, бұл жерде орыстың қазақтан алынған дәлелдеудің езі артық» дейді.

«Қазақ халқының тарихынан мәліметтер» атты еңбегінде біраз сөздің тарихы мен төркінің талдайды. «Еіздің пайымдауымызша, Кіші орданың жетіруының құрамындағы керейт руы осы (монгол шашыншылығынан – III.III.) қашқан керейлердің ұршагы болуы керек. Фасылар өте келе олардың шығыста қалған керейлермен байланыстары үзіліп, туысқан екенин ұмытқан.

III. Жалмаханов . М.Тынышшаевтың лингвистикалық...

Менінше, біреуінің тек керей, екіншісінің керейт («т» жалғауы – көптік мағынаны білдіреді) аталуын осылайша түсіндіруге болады».

«Түркі» деген этнонимнің қытай жазбаларында «тукиу» болыш кездесуі қытай тілінде «р» дыбысының болмауымен байланысты болса, аргын тайпасын «бай-егу» деп атауы «бай» қытайша «ұлы», ал түркіше «ұлұғ» деген мағына береді, яғни бай-егу «ұлұғ аргын» деп оқылады, Орхон ескерткіштерінде «ұлұғ-еркін» деген халық аты кездеседі. Паткановтың деректеріне қарағанда, Том округінің Шұлым болысын «Үлкен аргын» деп атайдының, Ачин округі Енисей губерниясындағы үлкен және кіші аргын руларапының санын көлтіреді.

Рапид ад-диннің айтуышта, монголдар ерекк жынысын (мужской род) білдіру үшін сөзге «чин» қосады, ал бұл жалғауды алыш тастап, қытай тілінде жоқ «р» қосылса, «темір» – «темір» болады. Ал Говорг (3-бет) Иокиноф бойынша «Тумучин» «асыл темір» немесе «құрыш» дегенді білдіреді дейді. Осылайша Шыңғыс ханының шын аты Темучин емес, Темір болады. Тимурдың (Ақсақ Темірдің) нағыз аты басқа болыш, Темір (Тимур) болыш ұлы басқыншыға аты жағынан да ұқсағысы келіп, қайта атап алған шығар деген болжам жасайды.

«Қышқақтар бір кезде Қаратай бойында көпіл жүргендіктен, «қарааспаңдықтар» деп те аталаған. Қазақ ішіндегі қышқақта қарааспан деген тармақ та бар». Қаратай бір кезде «Қарааспан» деп аталаған, «Қарааспанды суга алдырымашы» - ақырзаманды төндірме деген мағынадағы мәтел де бар.

М.Тынышшаев «қазақ» сезінің кейір зерттеушілердің еңбектерінде қисынсыз түсініктер беріліп жүргенін талдайды. «Мәселен, Крафт «Дала ережесіне» жазған алғысөзінде бір Қалаш-Қадыр деген батыр шөлден өлейін деп жатқанда, оны «қаз-ақ» деген мейірімді аққаз пері құтқарады. Ол кейін батырға тұрмысқа шығады. Осыдан тұған ұрпақтар «қазақ» деп атальш кетеді деген ақызды келтіреді. Мұндай филологиялық түсініктемеге сенген автор үлкен қате жіберген. Себебі түркі тілдерінде сын есім зат есімнің алдында келуі керек, яғни онда «қазақ» емес, «ақ қаз» болар еді» деген өзінің дәлелді уәжін айтады.

М.Тынышшаев былай жазады: Тағы бір ақызда «діңсіздерді мұсылман ету үшін бір топ жауынгерлер шабуыл жасапты. Ол жауынгерлер «газихақ» («әділетті сенімге берілген» деген сөз) деп атальшты. Олардың ұрпақтары «газихақ» немесе қысқартылып «газақ» немесе «Қазақ» деп атальшты-мыс. Тіпті ақыз мұсылмандақ еңбектерде «Газихақ» қазақтардың аргы атасы деп айттылады деп сеніргісі келеді. Мұндай деректердің еш тарихшының еңбегінде кездеспейтін айта келіп, ақыздың жасырын мақсаты да түсінікті екенін айтады. Бұл-бірінші. Екіншіден, қазақтың ата-бабасы ешқашан дін үшін соғысқан емес. Үшіншіден, сөз құрылышы тағы да қате түсіндірілген: «газ» - зат есім, «қақ» - сын есім, яғни нанымға шын берілген жауынгерлер, сондықтан олардың ұрпақтары «хаққаз» не «қаққаз» болыш аталуы керек еді деп түйіндейді. Бұдан соң ғалым «қазақ» туралы деректерге хронологиялық

тұрғыда шолу жасай келіп, «қазақ» деген сөздің мағынасын орыс, араб, француз, ағылшын және т.б. тілдерден іздеу құр өуре болумен «пара-пар» деген қорытындыға келеді.

М.Тынышбаев Рашид-ад-диннің деректеріне сүйене келіп, керейлер сахият, дубоит, тонгайт, албат, қарғыз деген тармақтардан тұратынын баяндаш, осы тайшалар атаулары көне көште тұрдің «т» қосымшасы арқылы жасалғанын айқындаиды.

Орыстар «қара татарлар» деп атайтын тувалардың, «сағай татарлар» деп атайтын сахалар бір кездегі күшті керей тайпасының рулары екендігін, галым Коңиевтің антропологиялық зерттеулері дәлелдегендей сахалардың (якуттардың) 2 тегі болатының, алғашқы тегі қырмұрынды, соңақ пішіндегі, бет сүйегі шығынды емес, қастары сәл қығаш, тұла бойы тұзу таза нәсілділер қазақтарды еске түсіретінің, Серошевский, Врангель және т.б. зерттеушілер оған дәлел ретінде онтүстік якуттар тілінде арыстан, жолбарыс, түйе, жылан, діңгек және т.б. зат атауларының сөйкес келетінін, яғни сахалардың бұл тобын Нохельсон Түркістан өлкесінен көшіп келгенін айтса, М. Тынышбаев өз тараҧынан 1880 жылдары Лепсі уезі Мақанпшы-Садыр болысынан адам өлтіргені үшін Сібірге жер аударылған Жақсылық деген кісімен 1905 жылы кездесіп, одан қазақ жырына ұқсас мазмұндағы Қозы Көршеш шен Баян сұлу туралы ақыз естігенін, олар өздерін не Қозыдан, не Баяннан тараганын баяндаиды. Жырда Қозының ауылы Баянның ауылынан ұзақ көшіп кеткенде, Баянның ауылын Қодар бастаған қалмақтар басып алып, Баянның үйине жайғасып, оны алуға бел байлағанда, Баянның ағасы Қозыны іздеуге жолға шығады. Қайтар жолынан аласып қалмас үшін жолай қолындағы заттарын әр жерді белгілеп тастав кете береді. Сандақ бұрыштарының түрлі түсті қауырсындардан құрастырылған ерекше әшекей - қарқараны тастаған бір биік тау кейін Қарқаралы, алтын қазық тастаған тау қазірге дейін Алтынқазық аталады. Баянның ағасы Қозыға тастав кеткен белгілері туралы айтуға ғана шамасы жетіп, жан тәсілім етеді. Қозы келгеніне тойдың қүнін ұзарта тұру үшін Қодарға құдық қазып бер деп қолқа салады. Ол - қазір де бар – Қодарқазған құдығы. Сергиополь қаласының маңындағы Таңсық, Ай, Айғызы деген өзендер Баянның сіңілілерінің атымен аталыпты. «Қозы Көршеш шен Баян сұлу» ақызының баяндалуының екі маңызы бар, ол - қазақтың саха халқымен тарихи тамырластығы және алғы бірдей ономастикалық бірліктің баяны айтылатындығы.

Бұдан әрі М. Тынышбаев 1) «Алаш Алаш болғанда, Алаша хан болғанда», 2) «Үш жұз» немесе «Үш орда», 3) «Алты Алаш» деген «тарихи сөздердің» мағынасын түсіндіреді. Автор алшын, ногай қазақ атауларының жазба деректерде қатар кездесетін; Алаша ханның аты, алаш ногайлардың ұраны, алаш Алашадан бұрын болған; алшын Алтайды мекендеген кезде шығысындағы монголдарға жиі шабуылдағандықтан, монголдар оларды «алаш», яғни «қаніштер» деп атауы мүмкін; ногайды, қазақты немесе алшынды қалмақ «алаш» деп атауы мүмкін емес, себебі олардың, ногай мен

III. Жалмаханов . М.Тынышпаевтың лингвистикалық...

қалмақтың «кездесуі» XVII ғасыр басында ғана болған. Оның үстіне «алаш» ногайларда немесе қазақтарда бұған дейін (Темір заманынан) кездеседі деген түйіндер жасайды. Алаша хан –Хақназар хан деп дәлелдейді. Қазақ ақыздары қазақтың жүзге, ордага бөлінуін Хақназар ханға телігеммен, оған дәлелді дерек жоқ деп келіп, Батый заманына қатысты екенін дәлелдейді. Ал «жұз» сөзінің «жұз» саны, «бет», «ұрыс» деген мағыналарда қолданылғанмен, рутайшалық бірліктің жиынтық атауының мәнін аша алмайды. Біздің ойымызша, бұл – «дұз» немесе «доз» деген көне түркі сөзі (қазақтар көбіне «жұз» деп емес, «дұз» деп атайды). Егер мен қателесспесем, көне түркілік «доз» сөзі «қорған», «орда» деген мағына береді» деген тұжырымын айтады. Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінде «дұз» түбірлі сөздің «жазық, дала, егістік, тегіс жер; тік, тұра, тұзу; тегіс; шын ақиқат, рас» деген мағыналары бар [2, 310]. Бұдан ұлы жұз, орга жұз, кіші жұз деген тайпалық бірліктер атауындағы «жұз» сөзінде «жазық, дала» деген мағыналардың бар екендігін байқауға болады. Алты алашқа кіші, орта, үлкен ордаларды, қарақалшақ, қыргыз және қатаған, жайма т.б. руларды кіргізеді.

«XVII және XVIII ғасырлардағы қазактар («Қазақ халқының тарихынан мәліметтерге» толықтыру)» атты еңбегінде 1627-1629 жылдары болған Есім ханның қалмақтарға екі жылдық жорығы кезінде елін аманат етіш кеткен Тұрсынның опасызыдың туралы баяндалғанда Күйік, Құтырган, Торыйайғыр, Үлкен бурыл, Кіші бурыл деген жер атауларының қойылу себебі баяндалады.

Автор Тәуке хан кезінде «кушті руларға қарсы тұра алатындаі болу үшін әлсіз, аз руларды одақтастырыған», «әрбір жекелеген рулар мен аталарды өз билері басқарған. Олар күзде 1-2 айға Тәуkenің ханабадына, яғни Тарапенттен онтүстікке қарай 40 шақырым жердегі Ангрен өзенінің сол жағалауындағы Күлтөбеле жиналатын болған». Бұл жиын халық жадында «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген атпен қалғанын түсіндіреді. Ал «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген тарихи тұракты тіркестегі Алқакөлдің географиялық орналасуын айқындаш береді. Ұлы және орга ордалар қашқан жолда екі Алқакөлдің бар екендігін, біріншісі Сырдарияның сол жағалауында Конногвардейский елді мекенинен б шақырым, екіншісі Сырдарияның оң жағалауында, Тарапент қаласының кең жазығында, Тарапенттен 90 шақырым және теміржол көшірінен 90 шақырым орналасқанын, халық мәтелінде айтылып отырган Алқакөл Сырдарияның сол жағалауындағы, арғы жағындағы, Конногвардейскийдің қасындағы көл, себебі бергі беттегі Алқакөл қауіпсіз мекен бола алмайтындығын дәлелдейді.

1723 жылы басталған қалмақтар қыргынына қатысты туған «Сауран айналған», «Қайың сауған» деген тарихи мәтелдердің мән-мағынасын апрады, географиялық мекенин, тұрмыс-тіршіліктік мәнін анықтайды. «Сауран айналған» кіші ордада айтылатының, көне Сауранның Түркістаннан солтүстікке қарай 30 шақырым жерде орналасқанын. Кіші орда Сауран қаласын айналып, Шиелі немесе Қызылорда (Ақмешіт) станциялары арқылы

Хиуага кеткенің, «Қайың сауған» деген ашаршылық кезде «қайыңның қабығын ашып, қайыңның сөлін қорек ету» деп түсінік береді. Осының барлығы казіргі лингвистика тілімен айтқанда, антропоцентристік және когнитивтік, тіпті этнолингвистикалық мазмұнын ашу болыш саналады.

«Қалмаққырған» деген жердің (бұрынғы Қарасиыр, Торғай уезінің оңтүстік-шығысы) атын 1726 жылдың аяғы немесе 1727 жылдың басында қазақтар (Кіші орданың батырлары бастаған) қалмақтарға қарсы шығып, Бұланты, Білеуті өзендерінің бойында алғашқы рет жеңіске жетеді, соңдықтан да осылай қойылғанын бағын етеді.

«Орда басы» немесе «Бас орда» деп аталуының себебі қалмақта шабуылға шыққан үш топтың біріккен жері, ол Шымкенттен шығысқа қарай 30 шақырым, Бадам станциясынан 5 шақырым.

Боралдай және Қошқарат ағындағы «Үлкен орда қонған» деген жер 3 орданың Ұлы, бас ханы болыш Төуке ханының ұлы Болаттың, кіші хан болыш бүкіл қазақ халқының қолбасшысы Әбілқайырдың сайланған жері, аралары 3-4 шақырым жердің «Кіші орда қонған» деп аталғанын, Түркістанның шығысына қарай, Ақыртөбе және Подгорное станцияларына қарсы бетте «Әбілқайыр ұңғірі» бар екенін тарихи фактілер ретінде дөлелдейді. Бұл жерлердің бір-біріне жақын орналасуынан-ақ олардың уақытша аялдама, жаугершілік кезіндеған тұрақ болғандығы «қонған» деген атынан байқалыш түр.

Сонымен қатар тарихшы сарт, тәжік, өзбек ұлыстарының, құрама руының анықтамасын береді. VIII ғасырда арабтардан шығыстан ығысқан түркі тайпалары (қарлұқтар, оғыздар, қара қытайлар-монгол тектес) Сырдария арқылы батысқа өтіп, 1000 жылдардың шамасында Мауреннахрдағы Иран елін басып алады. Сол кезден бастаған, Мауреннахр түркі елі - Түркістан аталады. Түркі мен иран тайпаларының ұзақ уақыт аралас-құралас болуынан жаңа ұлыс сарт пайдада болады. Сарттардың өмір сүру салты мен әдет-ғұрпы ирандықтарға жақын болса, тіл түркілік болды. Осылайша қала халқы сарттар, ауыл халқы өзбектер болды. Өзбек пен сартты бір-бірінен айыру үшін «Сен кімсің?» деген сұрақ қойғанда, өзбек өзі шыққан тайпасын (кенегес, қатаған, барин, қышишак), сарт тұратын қаласын айтып жауап береді. Ал түркі (қазақ, өзбек) және монгол тайпаларынан құралған бірлікті «құрама» деп атайды. Арабтар Ангрен өзенін Илақ, Түркі немесе Шыршық өзенін Чач деп атаған. Жиделі-Байсын дегендегі Жиделі – тау аты, Байсын – шығыс Бұхарадағы қала деген түсініктер береді. Қазіргі Дүңгененің бастаған атауы Қосаған, ал казактар Бақанас атап кеткен жердің дүрыс аты Бақанасты, себебі «өзен суының терендігі бақан бойынан асады» деген ақиқаттарды апады.

М. Тынышшаевтың жазуынша, Генри Говорт, монгол тарихшысы Санан Сетцендер монгол руына жалайырлар да кіреді, Шыңғыс ханының атақты қолбасшысы Мукули Гован жалайырдан шыққан. 1250 жылы жалайырлар 4 тошқа бөлінген, екі бөлігі Сыр бойын мекендер –

III. Жалмаханов . М.Тынышшаевтың лингвистикалық...

сырманақтар, Шу бойын тұрақтағандар – шуманақтар деп аталған. Жошы ұлсысының 4 000 өскеріне кірген жалайырлар Шу бойын, Балқаштың батыс және солтүстік жағалауын, Іле өзенінің жағасын мекендеген. Қарқаралы уезінің оңтүстігінде жалайырлардың тоқырауын немесе тоқырауыт деген тармағы тұрақтаған, содан жергілікті өзен «Тоқырауын» деп аталған деген ның шікір айтады.

Қоғам қайраткері, мамандығы теміржолшы болса да тұла бойы тарихшы М.Тынышшаевтың еңбектерінен қазақ тілінің сөз, тіл байлығының төркілі мен тарихына қатысты шікірлерін «лингвистикалық тұжырымдары» деп атауымыздың басты себебі ғалымның тілдік тұлғалар мен бірліктерге (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, тарихи тұрақты тіркестерге, мәтеддерге) фонетикалық, лексикалық-семантикалық және грамматикалық талдаулар жасауымен тікелей байланысты. Олардың дені ономастиканың этнонимдер (туба, саха, өзбек, қазақ, татар, ногай, түркі, сарт, құрама), антропонимдер (Тимучин, Ақсақ Темір, Алаша хан), топонимдер (Қарқаралы, Алтынқазық, Қодар қазған, Таңсық, Ай, Айғызы, Баянауыл, Берішкөл, Черкиш, Ачин, Алчедат, Алтын, Ромодан, Тана, Одоев, Таман, Табын, Азов, Қазақ, Алшын, Телецк, Алаша хан мазары, Қүйік, Құтырган, Торыйайғыр, Кіші бурыл, Үлкен бурыл, Қалмаққырган, Үлкен орда қонған, Кіші орла қонған, Аңырақай, Илақ-Ангрен, Чач-Шыршық, Бенакет-Ташкент, Келтеқара, Садырмурде, Садырсай, Садыр қамалған бұлак, Алқакөл, Жиделі, Байсын, Алакөл, Ордабасы, Қарааспан, Қалаш, Дүңгене, Бақанасты, Тоқырауын, Екіаша, Органум, Арғын қатын, Боралдай) болыш келеді. Ғалым зерттеуінде негізінен «Жердің аты – ғаламның хаты» деген қағидаға сүйеніш, этнонимдерден болған топонимдерге көп көңіл боледі. Мәселен, Орта орданың үлкен тармақтарының бірі «арғын» атауы Ергене, Органа, Аргұна қатын, Органум, Бурятиядағы Амур теңізіне құятын Аргун өзені, Алтайдағы Катуни өзгені құятын Аргут өзені, қытайша «алунь» немесе «бай-егу», Кавказда «арғын» атаулы тау шатқалы, тау, өзен, ауыл атаулары бар, ал қыргыз тілінде «аралас» деген, яғни қодас шен сиырдың буданы деген мағына береді. Ал Кіші орданың ру атаулары этнонимдік топоним ретінде көптеп кездеседі: беріш (Сібірдегі Беріш өзені, Берішкөл, Бұрыш көлі, Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы Барышевка станциясы, Бирюч қаласы, Барыш өзені, Барыш теміржол станциясы, Барышовка елді мекені, Бирючи және Құр Бирючи өзендері, Бирючевка деревнясы, Бұрыш өзені, Барашы қаласы), алшын (Алчедат өзені, Ачинск қаласы, Алазон, алчид, үлкен ачин, кіші ачин – қызыл тайпасының рулары. Мұндағы «ачин» деген ру атындағы «л» әрші («калыш» дегеннің орына «кашы», «калыш кель» дегеннің орына «әкел» дегендердегі секілді) түсіп қалған да, «Алчедат» деген өзен атына «т» көптік жалғауы жалғанған, сонда «ачин» - «алчин», «алчедат» - «алчед» болыш шығады деген талдама түсініктеме береді), кете (Сібірдегі Катуни өзеніне құятын Үлкен кет, Кіші кет өзендері), шеркеш (Сібірдегі Черкиш өзені, Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы Черкасск қаласы, Днепр өзені

бойындағы Ескі Черкасск, Жаңа Черкасск қалалары), адай (Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы Удай өзені, Одоев қаласы), рамадан (сол өнірдегі Ромодан қаласы), алтын (Сібірдегі Алтын атты жер атаулары, Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы Алтын станциясы, Алтын тауы, Алтын төбе), тана (Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы Дон өзені XIV ғасырға дейін «Танаис» деп аталған -ис – грек тілінің жалғауы, Азов теңізі мен Азов қаласы «Тана» деп аталған), тама (Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы Кубань өзенінің теңізге құяр жері «Тамань» түбегі деп аталады). М.Тынышпаев жоғарыдағы тарихи тілдік фактілерден: «Бір гажабы, бұл аймақтардағы (Ресейдің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы – Ш.Ш.) географиялық және тарихи атауларында монгол шапқыншылығына дейінгі кезенде (тіпті XIV ғасырға дейін) Үлкен орда мен Орта орда руладының аттары (қышишақтан басқа) мұлдем кездеспейді», ал Сібір өңірінде Үлкен және Орга ордалардың арғыннан басқасына қатысты жер атаулары жоқ екенин ескертеді.

Түйіндегі келгенде, М.Тынышпаев қазақ тарихының рулар мен тайпалардың тарихынан құралатынын, тілімізде қазіргі кезенде мән-мағынасы, мазмұны түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерінің түштөркіні тарихи деректерде жатқандығын, халық тарихын туыс түркі тайпалары мен көрші елдердің тарихымен тығыз байланыста дәйектеліш, дәлелденетінін саралап берген.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Тынышпаев М. История казахского народа – Алматы: Санат. –1998. –224 с.
2. Севорян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1980. – С.303-310,

SH.SH. ZHALMAKHANOV (Karaganda)

SOME ASPECTS OF THE ETYMOLOGICAL ANALYSIS OF ONOMASTIC UNITS IN THE WORKS OF M. TYNYSHPAEV

The article is dedicated to the consideration of some questions to etymology and history of words importance, word-combinations, phraseologisms and historical sayings of the engineer-railwayman, historian M. Tynyshpaev. It is analyzed mainly onomastic units, used in the works of M. Tynyshpaev such as ethnonyms, toponyms, antroponyms and hydronyms, bound not only with Kazakh history but also as a whole turkic people. The analysis is realized with the consideration of such criterion of etymology as: phonetic, lexical-semantic and grammatical.

As a result of research the author is maintained that the process of the discovery of etymology and origin of history of words importance (semantic derivation) determine by historical fact influences upon one people on another as a result of close location territory of their residences.